

Бекітемін:

«Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы

меңгерушісі

Э.С.Мырсейтова



Ашық сабақ: «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»

Тобы: Қызғалдақ

Тәрбиеші: Аманкелді К

2024-2025

«Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»

Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу, Отан туралы түсініктерін кеңейту, патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Тәрбиеші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау, көлім менің.
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,
Тәуелсіз Қазақстан елім менің!

Құрметті тәрбиешілер мен кішкентай бүлдіршіндер! Бүгін біз еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» ашық сабағымызды назарларыңызға ұсынамыз. ҚР гимні орындалады.

Тәрбиеші:

Балаларға Тәуелсіздік туралы рәміздер жайлы түсіндірме жұмыстарын жасаймыз.

Тақырыпқа сай тапсырмалар орындаймыз.

1. «Отан отбасынан басталады»

Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет отбасынан басталатынын түсіндіру.

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (бөпе, аға, апа, іні, қарындас, әке, ана) айту және түсіне дағдыларын қалыптастыру (**Қазақ тілі**).

2. «Көк ту»

Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салуды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікі сақтауға, ұқыптылыққа баулу (**Сурет салу**).

3. «Күн»

Құрылыс заттарынан күн бейнесін құрастыру (**Құрастыру**).

4. Туды көрсету оның көлемі түсі пішіні туралы айту (Математика).
5. Күннің мүсінін жасау (Мүсіндеу).
6. Көк паракқа күнді жапсыру (Жапсыру).

Тәрбиеші: Балалар біздің мемлекеттік рәміздерімізден бөлек біздің ұлттық құндылықтарымыз да бар. Мысалы:

1. Ұлттық аспаптарымыз
2. Ұлттық тағамдарымыз
3. Ұлттық киімдеріміз
4. Ұлттық ойындарымыз

Сол ұлттық құндылығымызды дәріптеп ұлттық ойынымыздың бірі «Асық ату» ойынын ойнайық .

Ән: «Көк тудың желбірегені!»

Тәрбиеші:

-Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын! Осымен ертеңгілігімізді аяқтаймыз, келесі кездескенше сау болыңыздар!





